



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп пен аудит әдістемесі департаменті туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 18 желтоқсан N 1777. Күші жойылды - ҚРҰ нің 1999.03.06. N 207 қаулысымен. ~P990207

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жығы 10 қазандағы N 3655 U973655_ Жарлығына сәйкес (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 45, 410-құжат) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік

есеп пен аудит әдістемесі департаменті туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Бухгалтерлік есеп жөніндегі сарапшылық кеңес туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1758 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп пен аудит методологиясы департаменті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 маусымдағы N 1026

P971026_

қаулысының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 29, 259-құжат).

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 18 желтоқсандағы
N 1777 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Бухгалтерлік есеп пен аудит әдістемесі
департаменті (Қаржыминінің Бухесеп пен аудит
департаменті) туралы
ЕРЕЖЕ

МИССИЯСЫ

Бухгалтерлік есеп пен аудит саласындағы мемлекеттік стратегияның міндеттерін іске асыру.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп пен аудит әдістемесі департаменті (бұдан әрі - Департамент) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрамына кіретін, заңды тұлға мәртебесі бар, Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру жүйесін реттейтін, есеп жүргізудің негізгі принциптері мен жалпы ережелерін, ішкі бақылау мен сыртқы аудит жөніндегі талаптарды белгілейтін мемлекеттік орган болып табылады.

2. Департамент облыстар бойынша оның құрылымына енетін басқармаларымен бірге Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп пен аудитті реттеудің біртұтас жүйесін құрайды.

3. Департаментті және оның аумақтық органдарын қаржылық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету Қаржы министрлігі аппаратының Инспекторлық-ұйымдастыру жұмысы департаменті арқылы республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін ұстау үшін көзделген шығыстар шегінде жүзеге асырылады.

4. Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметі мен Премьер-Министрінің нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Департаменттің бухгалтерлік есеп пен аудит саласында қабылданған нормативтік құқықтық актілері Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын барлық заңды және жеке тұлғалардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының

аумағында тіркелген резидент еместердің филиалдары мен өкілдіктерінің орындауы үшін міндетті болып табылады.

6. Департаменттің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, ал облыстар бойынша басқармаларының құрылымы мен штат санын осы органдардың басшылары өздері белгілеген штат саны мен еңбек ақы төлеу қорының шегінде айқындайды.

II. ДЕПАРТАМЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ

7. Департамент қызметінің негізгі басымдықтары мыналар болып табылады: республикада бухгалтерлік есеп пен аудитті дамыту және оларды халықаралық есеп жүйесімен кіріктіру;
бухгалтерлік есеп пен аудитті дамытудың және олардың

әдістемесінің экономиканың барлық салаларына арналған қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық мәселелерін белгілеу;

бухгалтерлік есеп пен аудит жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің сақталуын бақылау жүйесін әзірлеу;

бухгалтерлік есеп пен аудит мамандарының біліктілік деңгейін арттыру мақсатында кәсіби бухгалтерлер институтының құрылуын ынталандыру;

бухгалтерлік қызмет көрсетулер мен аудиттің қол жетерлік өркениетті рыногын қалыптастыруға жағдай жасау.

III. НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ, ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

Міндеттері

8. Департаменттің өз қызметінің саласындағы негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

жалпыұлттық мемлекеттік даму стратегиясын әзірлеу мен іске асыруға қатысу;

бухгалтерлік есеп пен аудит саласындағы заң жобасы жұмыстары, бухгалтерлік есеп пен аудит саласында заңдарды қолдану тәжірибесін

қорытындылау, оның жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

бухгалтерлік есеп пен аудит мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді қамтамасыз ету және қабылдау;

бухгалтерлік есеп пен аудитті дамыту және жетілдіру;

экономика салаларының ұйымдары үшін бухгалтерлік есеп пен аудиттің жай-күйін зерттеу, талдау мен бақылау жүргізу;

заң және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу, оларды Үкіметтің қарауына енгізу;

аудиторлық қызметті лицензиялау;

республикада кәсіби бухгалтерлерді сертификаттау (аттестациялау).

Функциялары

9. Жүктелген міндеттерге сәйкес Департамент:

Қазақстан Республикасы экономикасының барлық саласы үшін бухгалтерлік есеп пен аудиттің әдістемесін әзірлейді;

бухгалтерлік есептің стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп пен аудиттің стандарттарын, қаржы-шаруашылық қызметті бухгалтерлік есепке алу шоттарының қаржылық есептілік форматтарын бекітеді, өзгертеді және алып тастайды;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен аудиторлық қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;

кәсіби бухгалтер сертификатын береді;

бухгалтерлер мен аудиторлардың кәсіби қызметінің жаңа түрлерін, сондай-ақ олардың қызметінің ережелерін белгілейді;

сараптық, ғылыми-зерттеу жұмыстарын және консультацияларды жүзеге асыру үшін осы мақсаттарда бюджеттік және бюджеттен тыс қаражатты пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, оның ішінде шетелдік ұйымдардың мамандары мен сарапшыларын тарта алады;

бухгалтерлік есеп пен аудит жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің орындалуына бақылау жасайды;

өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсініктемелер береді;

бухгалтерлік есеп пен аудит қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

өз құзыретінің шегінде халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын әзірлеуге қатысады, бухгалтерлік есеп пен аудит саласында халықаралық ұйымдармен өзара бірлескен іс-қимыл жасайды және ынтымақтастықта болады; өзіне заңдармен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Құқықтары

10. Өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыруда және міндеттерді орындау барысында Департаменттің:

бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік, аудит саласында заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілер шығаруға;

заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың бухгалтерлік есеп пен аудитті жүргізуін бақылауға және қолданылып жүрген заңдарға көзделген шараларды қабылдауға;

өзінің құзыреті шеңберінде мемлекеттік кәсіпорындарды және өзге де ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізуге;

заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік кәсіпорындардың құрылтайшысы болуға, олардың жарғыларын бекітуге, кәсіпорынды мемлекеттік басқарушы орган болуға, оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыруға, олардың басшыларын тағайындауға ;

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан заңдарда белгіленген тәртіппен ақпараттар сұратуға және алуға;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне, орталық атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен аудит мәселелері жөніндегі заңдарына қайшы келетін нормативтік актілердің қолданылуын тоқтата тұру немесе күшін жою туралы ұсыныстар енгізуге;

заңдарда белгіленген тәртіппен аудиторлық қызметті лицензиялауды жүзеге асыруға;

аудиторлық қызметті лицензиялау мәселелері бойынша түсініктемелер беруге ;

бухгалтерлік есеп стандарттарын қараудың объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында министрліктер мен ведомстволардың, ұйымдардың мамандарынан және ғалымдардан тұратын Бухгалтерлік есеп пен аудит жөніндегі сараптық кеңес құруға;

Үкіметтің тапсырмасы бойынша бухгалтерлік есеп пен аудит жөніндегі халықаралық кәсіби ұйымдардың жұмысына қатысуға және оларға мүше болуға;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес басқа да құқықтарды пайдалануға құқығы бар.

IV. ДЕПАРТАМЕНТТІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

11. Департаментті Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Директор басқарады.

12. Департамент директорының Департамент директорының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары болады.

Департамент директорының орынбасары Департаменттің директоры болмаған кезде оның орнында қалады, Департаменттің қызметін үйлестіреді және өзіне Директор жүктеген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

13. Департамент директоры Департаменттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауап береді.

Осы мақсатта Департамент директоры:

өз орынбасарының және Департаменттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының, сондай-ақ Департаменттің облыстық басқармалары басшыларының міндеттері мен жауаптылық дәрежесін белгілейді;

өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Департаментті білдіреді;

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен аудит мәселелері жөніндегі мүдделерін халықаралық деңгейде білдіреді, бухгалтерлік есеп пен аудит бойынша конференциялар ұйымдастырады және оларға қатысады;

Департаменттің бухгалтерлік есеп пен аудит мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, анықтамалық-әдістемелік және ақпараттық материалдарды басып шығаруға басшылық жасайды;

бухгалтерлік есеп пен аудит жөніндегі заңдық және нормативтік құқықтық актілердің енгізілуіне және орындалуына бақылауды ұйымдастырады;

көмек көрсету және консультациялар беру үшін бухгалтерлік есеп пен аудит саласындағы мамандарды тартады;

аудиторлық қызметті лицензиялау және кәсіби бухгалтердің сертификатын беру жөніндегі басшылықты жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен лауазымдар номенклатурасына сәйкес Департамент қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

өз құзыретінің шегінде бұйрықтар, өкімдер шығарады;

Департаменттің құрылымдық бөлімшелері мен оның облыстық басқармалары туралы ережелерді бекітеді;

өз құзыретіне кіретін басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

14. Департаментте оның мамандары арасынан бухгалтерлік есеп пен аудит

мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді қарайтын және бекітетін Кеңес құрылады. Кеңестің құрамын Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітеді.

15. Департамент пен оның аумақтық органдары заңды тұлғалар болып табылады, олардың бланкілері және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі болады.

Департаменттің аумақтық органдарының банктерде тиісті шоттары болады.

16. Департаментті тарату және қайта ұйымдастыру қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.